

ЖАҚ СҮЙЕКТЕРІНІҢ СЫНЫҚТАРЫН ЕМДЕУГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АППАРАТТАР

Орындаған: Умирбеков Асылхан

Тексерген:

ЖОСПАРЫ


- 1.Кіріспе
- 2. Жоғарғы жақ сүйек сынықтарының жіктелуі
- 3. Төменгі жақ сүйек сынықтарының жіктелуі
- 4. Бекітуші аппараттар
- 5. Түзетуші аппараттар

Кіріспе

- Бет жақ ортопедиясы стоматологияның үлкен бір саласы болып саналады. Бұл сала жарақаттарды, ақауларды зерттеп олардың алдын алуын, асқынуларын, диагностикалық әдістерін, хирургиялық ортопедияның емдеу жолдарын жақсартады
- Сынықтарды емдеудің мақсаты: - адамның зақымдалған бет жақ сынығын анатомиялық тұтастығын қалпына келтіру және зардап шеккен органдардың толыққанды жұмысын қалпына келтіру.

Жоғарғы жақ сүйек сынықтарының жіктелуі


- Жоғарғы жақ сүйегі бір-бірімен орталық сызық арқылы байланысып, ауыз, мұрын, көз қуыстарын жасауға қатынасады. Ол сүйектің ішінде гаймор қуысы орналасқан, оның қабырғалары кілегей қабықпен қапталған. Жоғарғы жақ сүйегінде бірнеше осал жерлер бар. Зақымдалған уақытта осы жерлерде сынық пайда болады. Оны зерттеген француз ғалымы Ле Фор (1901 ж.) Со-ндықтан бұл сынықтарды автордың есімімен атайды. Ле-Фор жоғарғы жақ сынығын 4 түрге бөледі.



- I. (Ле-Фор I). Сынық бағыты жоғарғы жақ альвеолды өсіндінің негізінен көлбеу жазықтықта, алмұрт тәріздес тесіктің астымен, гаймор қуысының төменгі қабырғасымен, жоғарғы жақ төмпешігімен, негізгі сүйектің қанатша өсіндісі арқылы өтеді. Сынық екіжақты. Мұнда жоғарғы жақтың альвеолды өсіндісі екі жағынан, жоғарғы жақ сүйегінің денесінен ажырайды



- II. (Ле-Фор II). Сынық маңдай сүйегінің мұрын өсіндісімен мұрын сүйегінің қосылған жерінен (жігінен) басталып көз қуысының ішкі қабырғасы арқылы көзасты астаушысына келеді. Осы жерден алға қарай жоғарғы жақ сүйегімен шықшыт сүйегінің қосындысы және негізгі сүйектің қанатша өсіндісі сынады. Бұл жағдайда жоғарғы жақ, мұрын сүйектерімен қоса шықшыт және бас сүйектерінен ажырайды. Торлы сүйек сынып оның клеткалық өсінділеріне жабысқан ми қабығы жыртылады, яғни бас қаңқасының негізі сынуы мүмкін




- III. (Ле-Фор III). Сынық жолы маңдай сүйегімен мұрын сүйегінің жігінен басталып көз қуысының ішкі, төменгі сыртқы қабырғалары арқылы өтіп шықшыт-маңдай сүйектерінің жігімен сынады. Артқы жағынан негізгі сүйектің қанатша өсіндісі мен шықшыт сүйектің доғасы арқылы өтеді. Сөйтіп жоғарғы жақ, мұрын, шықшыт сүйектері бас қаңқасынан ажырасуы немесе суббазальды (А. Э. Рауэр) сынық деп атайды

Төменгі жақ сүйек сынықтарының жіктелуі

- а) жеке
- б) қосарлы
- в) көптеген

Төменгі жақсүйек сынуының механизмі. Төменгі жақ сүйегінің сынуы шектен тыс майысудан, қысымнан, ығысудан, жұлынудан болады. Сынықтар келесі варианттарда кездеседі: 1) Күш төменгі жақ сүйегі бүйірінің бір нүктесіне түссе тура сынық пайда болады. Кей жағдайларда осы сынық қарама-қарсы жағында тура емес, буын өсіндісі қосымша сынуы мүмкін. 2) Күш төменгі жақ бүйірінің көлемді жеріне түссе, буын өсіндісінен немесе бұрышынан тура емес сынады. 3) Күш төменгі жақтың екі бүйірінен үлкен көлемде тисе, тура емес сынық орталық жікте де пайда болады. 4) Күш төменгі жақтың екі бүйірінен симметриясыз тисе тура емес сынық иек маңында және қарама-қарсы жағынан буынды өсінді сынады. 5) Күш төменнен жоғары қарай шектен тыс тисе буынды өсінді екі жағынан сынады.



- Жақ сынуы кезінде емдеу үшін қолданылатын барлық аппараттар мыналарға бөлінеді:




Жақтың сынықтарын дұрыс жағдайда қозғалтпай ұстап тұратын аппараттарды -бекітуші аппараттар деп атайды.

Жақтың сынықтарын дұрыс бағытта қозғалтатын аппараттарды түзетуші аппараттар деп атайды.




- Бекітуші аппараттар

- Бекітуші аппараттар: бекіту тәсілі бойынша алынбайтын алмалы-салмалы (тісті шиналар) (каппалар, сым шиналар, қалпақшалар) бекіту орны бойынша (Васильев шинасы, каппалар, Рудько, Збаржа сымды скобалар және т. б. жата
- Бекітуші аппараттар: жақ сынған кезде сүйек сынықтары әдетте ығысады. Сүйектің тез және дұрыс жетілуіне жағдай жасау үшін сынықтарды бекіту (иммобилизация) қажет. Бұған арнайы бекіткіш аппараттарды қолдану арқылы қол жеткізіледі. Жақ сынған кездегі алғашқы көмек бекіткіш таңғышты салу болып табылады. Бұдан әрі мұндай таңғыштар зертханада дайындалатын сым шиналармен немесе анағұрлым тұрақты аппараттармен ауыстырылады. а) шина-скоба б) лигатуралық байлау 1) тегіс шина-скоба



- Бекітуші аппараттар: жоғарғы жақ сынған кезде оның сынығын бас қалпақ арқылы бекітілген аппаратпен бекіту қажет. Алғашқы көмек көрсету кезінде осы мақсат үшін қалыпты фанер тақтай оны басына қолдануға болады. Стандартты металл шиналар бар-ортопедиялық бөрікпеге бекітілген Ішкі өсінділері бар қасықтар.



Вебер шіндеуіші


- **Пластинкалы тіс иекті Вебер шіндеуіші**
- Вебер шіндеуіші-универсалды аппарат.
- 1) Астынғы жақтың бұрышы мен тармақтары сынса қолданады. Сымды қаңқадан және пластмассалық негізінен тұрады. Кейде конструкциясына бағыттауш жазықтық қосылады.
- 2) Жоғарғы жақтың сынықтарында қолданылады. Оның конструкциясына бас ғаныш тақиясы мен ауыз тысты рычагтар қосылады.
- 3) Жоғарғы және астынғы жақтың құрамалы сынықтарында қолданылады. Конструкциясына екі жақты резеңке тартпалар мен ілгешектер қосылады.

Түзетуші аппараттар

ШИНАЛАР – КАТЦ АППАРАТЫ - «ВАНКЕВИЧ» ШИНАСЫ – ШУРА
АППАРАТЫ – КУРЛЯНДСКИЙ АППАРАТЫ


Ванкевич аппараты

- **Ванкевич аппараты:** Сынықтардың репозициясын буындардың қимыл күшімен бағыттайды. Шендеуіші жоғарғы жақ пластинкасы мен тіс иекті пластинкадан тұрады. Пластинкалық таңдай бетінен астыңғы молярларға қарама қарсы немесе тіссіз альвеолярлы өсіндісіне қарай екі бағыттауыш жазықтық модельденеді. Жақтар тістескен кезде бұл жазықтықтар астыңғы жақтың сынықтарын дұрыс бағытта жылжытады.




Катц аппараты

- Катц аппараты Аппарат төменгі жақ сынықтарының тістеріндегі сақиналардың көмегімен бекітілген екі тісті шинадан тұрады. Ауыз қуысынан сыртқа шығатын өзекшелердің бос ұштары ауыздың бұрышын айналып тұратын ілмекті және қарама-қарсы жаққа бағытталған екінші ілмекті құрайды. Стероттан тыс өзектер бір-бірінің үстінде орналасады. Сынықтарды араластыру үшін өзекшенің ұштары біраз қашықтыққа жылжытады және лигатурамен байланыстырады. Өзектің серпімділігі арқасында сынықтардың жылжуына қол жеткізіледі.



Шура аппараты

- **Шура аппараты**- жоғарғы жақтың қос сынықтарында және сынықтардың қозғалысында шектелген кезде қолданылады.
- **Апараттың бөлшектері:**
 - 1) Ит тістермен бірінші молярға киілетін тіректі сауыттар;
 - 2) Жоғарғы жаққа біріңғай дәнекерленген шендеуіш;
 - 3) Сауыттардың бетіне трубкалар (молярға ғана) дәнекерленеді;
 - 4) Трубкалардан ұзындығы 150мм стержень өткізіледі;
 - 5) Бас ғаныш тақиясына стерженьдер бекітіледі;



Каппалы курляндский аппараты.

- Каппалы Курляндский аппараты.
- Бір жақты тіс қатарымен шектелген төменгі жақ сынықтың емдеуге
- **Қапталы Курляндский аппараты.**
- Бір жақты тіс қатарымен шектелген төменгі жақ сынықтың емдеуге қолданылады.




Рис. 42. Аппарат Курляндского со съёмной наклонной плоскостью



•Назарларыңызға Рахмет